

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы



№1 педагогикалық кеңесте бекітілді

« 31 » тамыз 2022 жыл

 Ш.С.Таженова

«Балауса» ересек тобының 2022-2023оқу жылында  
ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін  
жеке жұмыс жоспары

Тәрбиешілер: Жұмағалиева Г.Т.  
Бирмагамбетова А.К.



Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қортындысы  
Заклучение психолого-медико-педагогической консультации

Мекенжайы  
Адрес

Адрес

Телефон

55-02-84

Берілді

Сәуір 2023 жыл

Выдано

Кеңестен өткені жайлы 03 күні 05 айы 22 жылы  
в том, что был (а) консультирован (а) числа месяц год

1. Қорытынды / Заключение

Заклучение психического развития.  
Всё в норме

2. Білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар / Рекомендации по образовательной программе и особым образовательным потребностям:

1. Вниманию и обучению в массовой школе по адаптированной учебной программе.
2. Вниманию с логопедом, дефектологом в учебный процесс.

Заклучение и рекомендации действительны до 05.2023.

ПМПК меңгерушісі  
Заведующий ПМПК

Биарстанова Р.К.

Мамандар

Специалисты

Мамандар  
Специалисты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ерекше білім беруді қажет  
ететін балалармен жүргізілетін жеке жұмыс бағдарламасы.

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балауса» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

| Айы      | Құзыреттіліктер                            | Міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|----------|--------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| қыркүйек | Физикалық қасиеттерді дамыту.              | Негізгі қимылдар:<br>Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2-3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру).<br>2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. |
|          | Коммуникативтік дағдыларды дамыту.         | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) дыбыстарды анық айту.<br><b>Сөздік қор.</b><br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен байыту.<br>Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Ертегілерді суреттер бойынша ажыратып, атауға кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету.                                                                                                                                                                                     |
|          | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту | 5 көлемінде санай алуды, сандарды ретімен атауды үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |

|  |                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--|---------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | Әлеуметтік<br>эмоционалды<br>дағдыларды<br>калыптастыру | Бала, оның отбасы, үйі:<br>Өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін<br>кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау.<br>Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал<br>ету;<br>Отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді<br>қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері<br>мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын<br>калыптастыру. |
|  | Шығармашылық<br>дағдыларды<br>дамыту.                   | Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден<br>қарапайым құрылыстар құрастыру                                                                                                                                                                                                                                                              |
|  |                                                         | Заттық сурет салу.<br>Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды,<br>ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек<br>пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт,<br>күн).                                                                                                                                                                      |
|  |                                                         | Заттық мүсіндеу. Ермексаздың кесектерінен<br>мүсіндеудің түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу,<br>түрлі пішіндегі таныс заттарды мүсіндеу.                                                                                                                                                                                                   |
|  |                                                         | Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға<br>үйрету;                                                                                                                                                                                                                                                                                    |



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін жеке жұмыс бағдарламасы.

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балауса» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы   | Құзыреттіліктер                            | Міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-------|--------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| қазан | Физикалық қасиеттерді дамыту.              | Негізгі қимылдар:<br>Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру,<br>Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру.<br>Қимылды ойындар<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. |
|       | Коммуникативтік дағдыларды дамыту.         | <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br>Кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту.<br><b>Сөздік қор.</b><br>Тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b><br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.                                                                                                                                 |
|       | Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?"                                                                  |

|                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                   | сұрағына жауап беруге үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Әлеуметтік<br>эмоционалды<br>дағдыларды<br>дамыту | <p>Заттық әлем:</p> <p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілікке баулу</p> <p>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>                                                                                                                                                                                          |
| Шығармашылық<br>дағдыларды<br>дамыту.             | <p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызыған құрылысын талдауға баулу.</p> <p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеу.</p> <p>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.</p> |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ерекше білім беруді қажет  
ететін балалармен жүргізілетін жеке жұмыс бағдарламасы.

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балауса» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы    | Құзыреттіліктер                   | Міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------|-----------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| қараша | Физикалық қасиеттерді дамыту.     | Негізгі қимылдар:<br>Жүгіру.<br>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру.<br>Еңбектеу.<br>10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру. Лақтыру, домалату.<br>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.                                                                                                                                                                                     |
|        | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту.<br><b>Сөздік қор.</b><br>Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b><br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br><b>Байланыстырып сөйлеу.</b><br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған |



|                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                | <p>әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p> <p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту     | <p>Шама</p> <p>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | <p>Заттық әлем:</p> <p>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Шығармашылық дағдыларды дамыту                 | <p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.</p> <p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p> <p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу үйрету.</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.</p> |



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін жеке жұмыс бағдарламасы.

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балауса» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы       | Құзыреттіліктер                   | Міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|-----------|-----------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| желтоқсан | Физикалық қасиеттерді дамыту.     | Негізгі қимылдар:<br>Еңбектеу.<br>Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, құрсаулардан еңбектеп өту.<br>Секіру.<br>2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру.<br>Лақтыру, домалату, қағып алу.<br>Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес).<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы ролі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.                                                                                                                                                                |
|           | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br>Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br><b>Сөздік қор.</b><br>Сөздік қорын ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>Заттарды сипаттауға үйрету. Сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар атауларымен кеңейту.<br><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b><br>Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануға үйрету.<br><b>Байланыстырып сөйлеу.</b><br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әлемінің тиісті формаларын дұрыс қолдану. |

|                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                | <p>Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br/>Кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге карауды үйрету.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту     | Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | <p>Заттық әлем:<br/>Көлік, байланыс құралдары<br/>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br/>Менің Отаным - Қазақстан<br/>Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Шығармашылық дағдыларды дамыту.                | <p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру<br/>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p> <p>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.<br/>Негізгі түстерді дұрыс атауды үйрету.</p> <p>Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.</p> <p>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p> |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін жеке жұмыс бағдарламасы.

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балауса» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы    | Құзыреттіліктер                   | Міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|--------|-----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| қаңтар | Физикалық қасиеттерді дамыту.     | Негізгі қимылдар:<br>Жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру;<br>Секіру.<br>Бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып секіру.<br>Лақтыру, домалату, қағып алу.<br>Заттарды 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|        | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br>Артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту.<br><b>Сөздік қор.</b><br>Сөздік қорға қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>Тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру.<br><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b><br>Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br><b>Байланыстырып сөйлеу.</b><br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану,<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу |



|                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту     | <p>Геометриялық фигуралар.</p> <p>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | <p>Еңбекке баулу</p> <p>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.</p> <p>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| Шығармашылық дағдыларды дамыту.                | <p>Құрылыс материалдарын көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.</p> <p>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: "құс қанаты", "қызғалдақ", "қошқар мүйіз" суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p> <p>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды киноды үйрету.</p> |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін жеке жұмыс бағдарламасы.

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балауса» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы   | Құзыреттіліктер                   | Міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|-------|-----------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ақпан | Физикалық қасиеттерді дамыту.     | Жүгіру.<br>1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру;<br>Лақтыру, домалату, қағып алу.<br>Заттарды оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) лақтыру.<br>Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың бойымен жүру.                                                                                                                                                                                                                |
|       | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br>Баяу сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету<br><b>Сөздік қор.</b><br>Тұсау кесу дәстүріне байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b><br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету<br><b>Байланыстырып сөйлеу.</b><br>Ересектермен диалог құруға, берілген сұрақтарды тыңдауға және толық жауап беруге үйрету. |
|       | Танымдық және зияткерлік          | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|       | Танымдық және зияткерлік          | Геометриялық фигуралар.<br>геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |



|                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| дағдыларын дамыту                        | қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды дамыту | Еңбекке баулу<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Жануарлар әлемі<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Шығармашылық дағдыларды дамыту.          | Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br><br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру .<br><br>Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көкөністерді, гүлдерді, оюларды кинода қолдану. |



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін жеке жұмыс бағдарламасы.

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балауса» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы    | Құзыреттіліктер                   | Міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--------|-----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| наурыз | Физикалық қасиеттерді дамыту.     | Тепе-теңдікті сақтау.<br>Гимнастикалық скамейканың бойымен жүру<br>Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту;<br>Еңбектеу<br>Құрсаудан еңбектеп өту.<br>Секіру.<br>20–25 см биіктіктен секіру,<br>Лақтыру, домалату, қағып алу.<br>Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан).                                                                            |
|        | Коммуникативті дағдыларды дамыту. | <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.<br><b>Сөздік қор.</b><br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну.<br><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b><br>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдануға үйрету.<br><b>Байланыстырып сөйлеу.</b><br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. |
|        | Танымдық және зияткерлік          | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>«Көп», «Бір» ұғымдарын ажыратып, жаңаны                                                                                                                                                                                                                                           |

|                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| дағдыларын дамыту                        | тануға ұмтылу, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге ыңдаландыру.<br>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту.<br>қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды дамыту | Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Өсімдіктер әлемі<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>Жануарлар әлемі<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |
| Шығармашылық дағдыларды дамыту.          | Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|                                          | Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|                                          | Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескінгі қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ыңғаландыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|                                          | Тар жолақтарды қолденеңінен қиоды, шаршының бұрыштарын қиоды үйрету.Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін жеке жұмыс бағдарламасы.

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балауса» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы   | Құзыреттіліктер                            | Міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|-------|--------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| сәуір | Физикалық қасиеттерді дамыту.              | Секіру.<br>Орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см).<br>Еңбектеу.<br>10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу, табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу.<br>Лақтыру, домалату, қағып алу.<br>Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет);                                                                                                                                       |
|       | Коммуникативтік дағдыларды дамыту          | <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br><b>Сөздік қор.</b><br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту.<br><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b><br>Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде байланыстыруға үйрету<br><b>Байланыстырып сөйлеу.</b><br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу. |
|       |                                            | Сюжетті эмоционалды қабылдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|       | Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту | Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).                                                                                                                                                |



|  |                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|--|---------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | Әлеуметтік<br>эмоционалды<br>дағдыларды<br>калыптастыру | <p>Адамгершілікке баулу</p> <p>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p> <p>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Жануарлар әлемі</p> <p>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</p> |
|  | Шығармашылық<br>дағдыларды<br>дамыту.                   | <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу.</p> <p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ығрақты түрде бояу.</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p>Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>                       |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін жеке жұмыс бағдарламасы.

Білім беру ұйымы: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балауса» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы   | Құзыреттіліктер                                     | Міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|-------|-----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| мамыр | Физикалық қасиеттерді дамыту.                       | Тепе-теңдікті сақтау.<br>Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру.<br>Еңбектеу, өрмелеу<br>Гимнастикалық скамейкадан аттап өту;<br>Секіру.<br>Қысқа секіргішпен секіру;<br>Спорттық жаттығулар<br>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|       | Коммуникативтік дағдыларды дамыту<br>Көркем әдебиет | <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br><b>Сөздік қор.</b><br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз)байыту.<br><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b><br>Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br><b>Байланыстырып сөйлеу.</b><br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.<br>Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру. |

|                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту     | <p>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | <p>Адамгершілікке баулу</p> <p>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p> <p>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Жануарлар әлемі</p> <p>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) туралы ұғымдарын кеңейту.</p>                                                                     |
| Шығармашылық дағдыларды дамыту.                | <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p> <p>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйеніп отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Балаларды суреттерді қылқаламмен бояуға, қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> |



|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | <p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарын білу, заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндей алуды үйрету.<br/>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп,<br/>мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p> |
|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|